

2023 - 2024 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы

Қарағанды облысының әкімдігінің 2023 жылғы 31 шілдедегі № 52/02 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Білім туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы "Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімшелеріне мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы" 122 бұйрығына сәйкес, Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2023-2024 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын жоғары оқу орындарының тізбесі осы қаулының 1, 2 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. "Қарағанды облысының білім басқармасы", "Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемелері заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) жергілікті бюджет есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқуға түсетін азаматтармен жасалған шарттардың тиісті орындалуын;

2) осы қаулыны Қарағанды облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын;

3) осы қаулыдан туындайтын басқа да шараларды қабылдауын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қарағанды облысының әкімі

Е. Бөлекпаев

Қарағанды облысы әкімдігінің

2023 жылғы 31 шілдедегі

№ 52/02

қаулысына 1-қосымша

2023-2024 оқу жылы жоғары білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын жоғары оқу орындар тізбесі (жергілікті бюджет есебінен) Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі – "Қарағанды облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі

				2023-2024 оқу жылына
--	--	--	--	----------------------

р/с	Жоғары оқу орнының атауы	Білім беру саласының коды және сыныпталуы	Білім беру бағдарламалары топтарының коды және атауы	мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі (орын саны)
1	"Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	6 В 0 1 Педагогикалық ғылымдар	В003 - Бастауыш оқитудың педагогикасы мен әдістемесі	3
			В 0 1 5 - Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдерді даярлау	3
			В017 - Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	5
			В018 –Шетел тілі мұғалімдерін даярлау	6
			В020 - Арнайы педагогика	3
Барлығы:				20
Жиыны:				20

Қарағанды облысы әкімдігінің
2023 жылғы 31 шілдедегі
№ 52/02
қаулысына 2-қосымша

2023-2024 оқу жылы жоғары білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылатын жоғары оқу орындар тізбесі (жергілікті бюджет есебінен) Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі – "Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі

р/с	Жоғары оқу орынның атауы	Білім беру саласының коды және сыныпталуы	Мамандықтың атауы	2023-2024 оқу жылы на мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі (орын саны)
			R032 Акушерлік және гинекология ересектер, балалар	5
			R 0 1 7 Анестезиология және реаниматология ересектер, балалар	5
			R137 - Неврология ересек, балалар	5

1	"Қарағанды медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	7R01 Денсаулық сақтау (медицина)	R 1 2 0 - Нейрохирургия ересек, балалар	4
			R031 Неонатология	5
			R 1 4 1 - Шұғыл медицина ересектер, балалар.	2
			R 1 3 6 – Жалпы хирургия	5
			R 1 2 8 - Оториноларинголог ия ересек, балалар.	5
			R 1 2 7 - Офтальмология ересек, балалар	5
			R113 - Психиатрия ересек, балалар	2
			R 1 3 4 - Сот-медициналық сараптама	2
			R039 - Терапия	5
			R 1 2 5 - Травматология- ортопедия ересектер , балалар.	5
Барлығы:			55	
2	"Астана медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	7R01 Денсаулық сақтау (медицина)	R123 – Балалар хирургиясы	5
			R030- Педиатрия	5
			R 1 3 4 - Сот-медициналық сараптама	2
			R 1 4 1 - Шұғыл медицина ересектер, балалар.	3
Барлығы:			15	
	"Ұлттық ғылыми кардиохирургиялық орталық" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	7R01 Денсаулық сақтау (медицина)	R 1 1 8 - Кардиохирургия ересектер, балалар	2
Барлығы:			2	
Жиыны			72	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК